



20 ____ жылғы “ ____ ” ____

“ ____ ” ____ 20 ____ года

Аудиторлық есеп

Аудиторский отчет

Кендала ауылы

24.09.2021 жыл

№ 2

I. Кіріспе бөлік

1.1 Мемлекеттік аудит объектісінің атауы: «Талғар ауданының Кендала ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай - Мекеме). Мекеме Алматы облысының Әділет департаменті Талғар ауданының Әділет басқармасында 2011 жылдың 01 наурыз айында тіркелген. Есеп айырысу операциялары Алматы облыстық Қазынашылық Департаменті Талғар ауданының басқармасы арқылы жүргізіледі. Банктік сәйкестендіру коды БСК ККМFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ31070106KSN0909040, бизнес сәйкестендіру номері 110340000548, коды 1241039. Мекеменің орналасқан жері: Алматы облысы, Талғар ауданы, Кендала ауылы, Школьная көшесі №2 үй.

1.2 Аудиторлық іс-шараның атауы: Талғар ауданының жергілікті бюджетті жоспарлау және орындау, аумақты дамыту бағдарламасын іске асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдалану тиімділігінің мемлекеттік аудиті.

1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты: Талғар ауданының жергілікті бюджетті жоспарлау және орындау, аумақты дамыту бағдарламасын іске асыру, жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдалану тиімділігіне аудит жүргізу.

1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні: 2019-2020 жылдар бөлінісінде,
001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер»;
008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру»,
009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету»,
011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру»,
013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету»

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.

012571

"Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесі	
Кіріс №	02-18/2021
" 24 " 09 2021 ж.	

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары»;

040 «Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру»,

045 «Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу».

1.5 Аудиттің типі, тексерудің түрі: Тиімділік, сәйкестік аудиті.

1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы (мемлекеттік аудиторлар сертификаттарының нөмірлері көрсетіле отырып): Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман – мемлекеттік аудиторы Сырым Сарқанбайұлы Желдібаев - 2016 жылғы 28 желтоқсандағы №1349 сертификаты.

1.7. Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырма: Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Б.Мұхамеджановтың 2021 жылғы «14» қыркүйегіндегі № 02-16/2.23-418-Т Мемлекеттік аудит (тексеру) жүргізуге тапсырмасы негізінде.

1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2019 жылдың 01 қаңтарынан бастап, 2020 жылдың 31 желтоқсан аралығы.

1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі: 2021 жылдың 20 қыркүйегінен 24 қыркүйек аралығы.

1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары: Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының 2021 жылғы 14 қыркүйегіндегі 02-13/1620 «Аудиторлық іс – шараны, тексеруді жүргізу туралы хабарламасы беріле отырып, аудит ауылдық округ әкімі Умирзаков Алмас Нұрдаулетұлына ескертіле отырып, бас маман –есепшісі Қуанышбаева Айман Халықбекқызының қатысуымен жүзеге асырылды. Аудитпен қамтылған мерзім аралығында:

- бірінші қол қою құқығына ауылдық округ әкімі Умирзаков Алмас Нұрдаулетұлында.

- екінші қол қою құқығына бас маман-бас есепші:

Қуанышбаева Айман Халықбекқызында.

1.11. Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі: Үстеме тексеру жүргізілген жоқ.

1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер: Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бас маман–мемлекеттік аудиторы Г.Искакова 2017 жылдың қаңтар айынан бастап 2018 жылдың 31 желтоқсан қоса алған кезеңде жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит

жүргізілген. Аудит қорытындысы бойынша Мемлекеттік қызметкерлердің еңбекақыларына үстеме және қосымша ақыларды төлеуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29.08.2001ж. №1127 қаулысының 9 тармағы сақталынбай негізсіз үстем ақы 62,1 теңге төленгені анықталып бюджетке өндірілген және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы № 393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» 114 және 118-тармақтарының талаптары сақталынбай 2017 жылы 548,4 мың және 2018 жылы 475,4 мың теңге дебиторлық берешек көрсетілмегені анықталып түзетілген. 2019 жылы 18 қазандағы аудиторлық есебі.

Тексеру комиссиясының бақылауда тұрған Аудиторлық қорытындылары (Нұсқамалары) бойынша орындалу мерзімі өткен тапсырмалық тармақтары жоқ.

II. Негізгі бөлік

2.1 Өңірлік және (немесе) елдік бөліністе аудиттелетін саланың, соның ішінде мемлекеттік басқарудың және (немесе) экономика саласының, әлеуметтік-экономикалық дамудың ағымдағы жай-күйін талдау.

Мемлекеттік аудит көрсеткіші:

Аудиторлық іс-шараның (бірлескен, қатар тексерудің) мәселелері және мәселелердің әрбіреуіне өлшемшарттар:

№1 мемлекеттік аудит көрсеткіші: **мәнділік** – мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер.

Арнайы көрсеткіш (өлшемшарт) - мемлекеттік аудит объектісінің өз функцияларын жүзеге асыру кезінде бюджет қаражатын мақсатты пайдалану.

Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігін ескере отырып, аудиторлық тәуекел деңгейі (сенімділік дәрежесі) – жеткізушілермен және мердігерлермен 2019 жылғы қаңтары мен 2020 жылғы желтоқсанға дейінгі кезеңде жасалған шарттар ішінара қамтылды.

2.2 Аудит бағдарламасын ашып жазу:

2.2.1. Аудит бағдарламасындағы мәселенің атауы:

Оның мәселелері:

1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауының, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі.



2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығы мен дұрыстығы.

3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығы.

4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігі.

5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы.

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын, шарттардың болуын, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуы.

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығы.

8. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарына бөлінген қаражатты пайдаланудың негізділігі.

9. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуы:

а) елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға бөлінген қаражатты пайдаланудың негізділігі;

б) Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз етуге бөлінген қаражатты пайдаланудың негізділігі;

в) Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға бөлінген қаражатты пайдаланудың негізділігі;

г) аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және күрделі және орташа жөндеуге» бөлінген қаражатты пайдаланудың негізділігі

д) Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі;

10. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

№ 2 мемлекеттік аудит көрсеткіші: **тиімділік** – жөспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы.

Арнайы көрсеткіш (өлшемшарт) – әлеуметтік экономикалық көрсеткіштерін іске асырудың тиімділігі.

Оның мәселелері:

1. Өңірдегі жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның мемлекеттік басқару функцияларын және жергілікті өзін-өзі басқару органның функцияларын жүзеге асырылуын талдау.

2.2.1.1. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде жүйелі кемшіліктерге, бюджет қаражатын және активтерді тиімсіз жоспарлауға және пайдалануға, нәтижелерге қол жеткізбеуге байланысты, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектісінің жіберіп алынған пайдасы мен экономикалық шығындарын бағалауды қоса алғанда, мемлекеттік аудит объектісі қызметіндегі өзге де проблемалық мәселелер бойынша бұзушылықтарға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау:

1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауының, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі.

2019 жылда бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде:

001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 25241,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып, 25223,0 мың теңгеге игерілген. Жоспар 99,9 пайызға орындалған.

008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 4600,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып, 4600,0 мың теңгеге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 3225,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып, 3225,0 мың теңгеге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2500,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып, 2500,0 мың теңгеге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 1070,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып 1070,0 мың теңгеге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 815,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып, 815,0 мың теңгеге игерілген, жоспар 100 пайызға орындалған.

040 «Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 7991,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып, 7991,0 мың теңгеге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

2020 жылда бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде:

001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер»



бюджеттік бағдарламасы бойынша жоспар 29589,0 мың теңгені құраған, игерілуі 29589,0 мың теңгені құрап, 99,9 айызға орындалған.

008 «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 9290,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып, 9290,0 мың теңгеге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

009 «Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 3300,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып, 3300,0 мың теңгеге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

011 «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2450,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып, 2450,0 мың теңгеге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

013 «Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2366,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып 2366,0 мың теңгеге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша 188,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып, 188,0 мың теңгеге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

040 «Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 7991,0 мың теңге бюджет қаражаты жоспарланып, 7991,0 мың теңгеге игерілген. Жоспар 100 пайызға орындалған.

2019-2020 қаржы жылдарына бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша әкімшілік шығыстар бюджет комиссиясы мақұлдаған бюджеттік өтінімде ұсынылған функционалдық және экономикалық сыныптама бойынша ерекшеліктердің құрылымын ескере отырып, шығыстардың есептері негізінде қабылданған жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттың шешімдеріне және жергілікті бюджеттерді іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулыларына сәйкес жоспарланған.

Қаржыландыру жоспарына аудитпен қамтылған 2019 жылы 9 өзгертулер енгізілмеген және 2020 жыл 6 өзгерту енгізілген.

Аудитпен қамтылған мерзімдерге бюджеттік бағдарламалар (кіші бағдарламалар) бойынша әкімшілік шығыстар бюджет комиссиясы мақұлдаған бюджеттік өтінімде ұсынылған функционалдық және экономикалық сыныптама бойынша ерекшеліктердің құрылымын ескере отырып, шығыстардың есептері негізінде қабылданған жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттың шешімдеріне және жергілікті бюджеттерді іске асыру туралы жергілікті атқарушы органның қаулыларына сәйкес жоспарланған.

Мекеменің қаржыландыру жоспарының жасалуы және өзгерістер енгізуде 04.12.2008 ж. № 95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан

Республикасы Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидалары, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі» талаптары басшылыққа алынған және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелерінің» бюджеттік бағдарламалардың бюджеттік сыныптама кодтарына және экономикалық классификатор рекшеліктеріне сай бағытталынған.

Бағдарламаның: Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлауының, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі бойынша аудит жүргізілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығы мен дұрыстығы.

2019 жылы 001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша жалпы қаражат – 25241,0 мың теңге қараластырылып, 25241,0 мың теңге игерілген, соның ішінде төмендегі ерекшеліктер бөлінісінде:

149 ерекшелік өзге де қорларды сатып алу бойынша 5 келісім шарт жасалынып, жалпы сомасы 252,0 мың теңге игерілген.

159 ерекшелік өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы бойынша 15 келісім шарт жасалған жалпы жиыны 2825,0 мың теңге бөлініп игерілген.

2020 жылы: 001 «Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша жалпы қаражат – 29589,0 мың теңге қараластырылып, 29589,0 мың теңге игерілген, соның ішінде төмендегі ерекшеліктер бөлінісінде:

149 ерекшелік өзге де қорларды сатып алу бойынша 13 келісім шарт жасалынып, жалпы сомасы 970,0 мың теңге игерілген.

159 ерекшелік өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы бойынша 6 келісім шарт жасалған жалпы жиыны 1797,0 мың теңге игерілген, оның ішінде: 1 С Мекеме және ақпараттық жүйеде ілесу және техникалық қолдау бойынша қызметтерге жұмсалған, "Қазпошта" акционерлік қоғамының

Алматы облыстық филиалы мен жасалынған келісім шарт негізінде газет-журналдарға жазылымдар болған.

Мекеменің төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары негізінде ай сайынғы бөлінген есептері бойынша көрсетілген қызметтерге, тауарларға бюджеттік бағдарламалардың экономикалық классификация ерекшеліктеріне сәйкес төленіп отырған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік

мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу» қағидасы негізінде жеткізіп беруші мен мердігерге қаржы аудару келісім-шарты және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілері негізінде жүргізілген.

Есеп айырысу операциялары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 4.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесіне» сәйкес жүргізілген. Ақша аударулар міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған (өзгерістерімен) ақша қаражаты шегінде шығын ерекшеліктеріне сәйкес қазынашылықтан тіркеуден өткен келісім шарттар мен қаржылық рұқсаттары негізінде төлемшоттарымен аударылған және қазынашылық органының №4-20 Нысанына «Шығындардың жиынтық есебі» сәйкес келеді.

Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген. Аудит жүргізуде негізсіз ақша аудару, сондай-ақ мақсатсыз жұмсау фактілері анықталмады. Кассалық операциялар жүргізілмеген.

Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығы мен дұрыстығы тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығы.

2019 жылы Талғар ауданы әкімдігінің «Кеңдала ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің штат кестесі ауданның экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы А.Кисибаевамен келісіліп, Талғар ауданының әкімі Р.Сатбаевпен 8 штат бірлік санымен 934,0 мың теңге айлық еңбек ақы қоры бекітілген.

2020 жылы Талғар ауданы әкімдігінің «Кеңдала ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің штат кестесі ауданның экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы А.Кисибаевамен келісіліп, Талғар ауданының әкімі Ж.Умаровпен 8 штат бірлік санымен 934,0 мың теңге айлық еңбек ақы қоры бекітілген.

Мекеменің әкімшілік қызметкерлеріне еңбекақы төлеуде Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V «Еңбек кодексі» Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және 2017 жылғы 16 қазандағы №646 қбп «Мемлекеттік бюджет есебінен қамтылған барлық органдар үшін қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес мемлекеттік қызметте атқарған жұмыс өтілі бойынша белгіленген коэффициенттері базалық лауазымдық жалақыға көбейту негізінде айқындау арқылы есептеленіп, төленген.

Тарификациялық тізім бойынша **2019 жылы** техникалық қызметкерлер саны 6 бірлік болып, айлық еңбекақы қоры – 453,0 мың теңге, **2020 жылы** техникалық қызметкерлер саны 6 бірлік болып, айлық еңбекақы қоры – 439,0 мың теңге сомасында ауылдық округ әкімімен бекітілген.

Азаматтық қызметкерлердің айлық еңбекақыларын есептеу және төлеуде Қазақстан Республикасының 23.11.2015 жылғы №414-V «Еңбек кодексі» және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджеттік қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесін бекіту туралы» қаулысы басшылыққа алынған.

Еңбекке жарамсыздық парағы 28.12.2015 жылғы №1103 «Әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау, төлеу сонымен қатар оның мөлшерін анықтау ережелерін бекіту туралы» қаулысы және оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес есептелініп төленген.

1 тармақ: Алайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» қаулысының 4 тармағының 3 тармақшасы толық сақталынбай мекемеге Илебаева Гульдана Бекбосынова 3 ай сынақ мерзімі кезінде негізсіз жалпы сомасы **20000** теңге сыйақы төленген. Аталған сома аудит барысында жергілікті бюджет 206109 кодына қайтарылды. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2018 жылғы 01 қазандағы №18-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталатын бұзушылықтар сыныптауышының» 2.1.1.6 (мекеме есепшісі №0014 түбіртек көшірмесі есепші А.Куанышбаеваның 2021 жылдың 22 қыркүйек айындағы түсініктемесі және дәлелдеме құжаттар 7-парақта, қосымша №4 аудиторлық есепке қоса тіркелді).

4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігі.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында іссапар шығындарына мемлекеттік мекемеде 2019 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында 136 техникалық персоналдың ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік жол жүрулері 21,0 мың теңге және 161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшелік бойынша –397,0 мың теңге, 2020 жылда – 136 техникалық персоналдың ел ішіндегі іссапарлары мен қызметтік жол жүрулері 6,0 мың теңге және 161 «Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар» ерекшелік бойынша –94,0 мың теңге аванстық есептермен шығындар төленген.

Іс-сапар куәліктері 2019-2020 ж.ж аванстық есептермен шығындар расталған, қызметкерлердің есеп шоттарына аударылып отырған.

Мемлекеттік аудитпен қамтылған мерзім аралығында мемлекеттік мекемеде іс-сапар шығындарын өтеулер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 22.09.2000 жылғы №1428 «Қазақстан Республикасы аумағында іссапар

ережесін бекіту туралы» және Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 11 мамырындағы № 256 қаулыларына сай жүргізілген.

Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

5) Мемлекеттік органдар пайдаланатын қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы.

Мекеменің теңгерімінде 1995 жылы салынған жалпы алаңы 279,9 шаршы метр ғимараты бар «Талғар аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесімен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп 2021 жылдың 14 шілде айында қабылдап алу-өткізіп беру тәсілімен мекеме теңгеріміне алынған. Мекеме ғимараты табиғи газбен жылынады, комунналыдық шығындар келісім шартқа отырып, шот-фактуралар негізінде төленген.

Мекеменің теңгерімінде 1 автокөлік мемлекеттік тіркеу нөмірі 674 VV 05 Лада 21214 авто көлігі бар. Авто көлікті жанар-маймен қамтамасыз ету үшін келісім шартқа отырып орындалу мерзімі жыл соңына белгіленіп, төлем шоттар негізінде орындалған. «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №179 бұйрығына негізделген. Қосалқы бөлшектер ақаулы актілерге сай есептен шығарылған. Жанар-жағар май және автокөлікті ұстау шығындары Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар министрлігінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы №1210 «Автокөлікті ұстау шығындары және жанар-жағар май шығыс нормасы» қаулысына сәйкес шығысталған.

Қызметтік автокөліктердің нормаларға сай Мемлекеттік органдар пайдаланатын қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуы тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын, шарттардың болуын, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуы.

Байланыс қызметтерге ақы төлеу 152 ерекшелік бойынша 2019 жылы 800,0 мың теңге және 2020 жылы 803,0 мың теңге қаржы қарастырылып, толық игерілген.

Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу, шарттарды жасау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.11.1998 ж. №1118 «Бюджеттен қаржыланатын мекемелерде электр энергиясын, жылыту, ыстық және суық су басқа да коммуналдық қызметтер мөлшерлерін бекіту туралы» қаулысына және Қазақстан Республикасының 01.07.1999 жылғы № 409 «Азаматтық кодексіне» сәйкес жүзеге асырылған.



Коммуналдық қызметтер бойынша Талғар ауданының филиалы «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының филиалы - "Алматытелеком" -өңірлік телекоммуникация дирекциясы» мен "Алматыэнергосбыт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен жасалған шарттар қазынашылықта тіркелген және көрсетілген қызметтеріне сәйкес ай сайынғы ұсынылған шот-фактуралар негізінде төленіп отырған.

«Байланыс қызметтерге ақы төлеу» ерекшелігі бойынша Талғар ауданы әкімдігінің «Кендала ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі және "Қазақтелеком" акционерлік қоғамының филиалы - "Алматытелеком" -өңірлік телекоммуникация дирекциясы арасында келісім шарт жасалып байланыс қызметіне ақы аударылған.

Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын, шарттардың болуын, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылу мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығы.

Бухгалтерлік есеп жүргізу мекемеде жалпы 2008 жылдың 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Бюджет Кодексі, «Есеп саясатын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу» қағидасына сәйкес жасалған; Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі басшылыққа алынып, ақпараттық бадарламасында қанағаттандырылғы есеп жүргізілген.

Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығы мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

8. Мемлекеттік органның күрделі шығыстарының негізділігі.

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы №511 «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 04.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі», Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы № 281 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарының» талаптары сақталған. Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарының жеткізілуінің және нақты бар болуының анықтығы бақылау өлшемін жүргізу арқылы расталды. Жеткізілген тауарлар жүкқұжаттарымен

расталған, ақысы толық төленіп, инвентарлық номерлер қойылып тағайындалған, олар:

2019 жылы 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарламасы 414 «*Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу*» ерекшелік бойынша барлығы 815,0 мың тенге қаражат қарастырылып **815,0** мың тенге игерілген.

2020 жылы 022 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бағдарлама 416 ерекшелік бойынша барлығы **188,0** мың тенге қаражат қарастырылып. Бухгалтерлік есебіне алынып инвентарлық нөмірлер қойылған. (*бақылау өлшемі (тексеріп қарау) актісі- №3 қосымша 2 парақта аудиторлық есепке қоса тіркелді*).

Мемлекеттік органның күрделі шығыстарына бөлінген қаражатты пайдаланудың негізділігі мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

9. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуын тексеру:

а) *елді мекендердегі көшелерді жарықтандыруға бөлінген қаражатты пайдаланудың негізділігі;*

2019 жылы «Жеке кәсіпкер Санжар» Мукашев Серик Шаяхметұлымен Кеңдала ауылдық округіне қарасты көшелердегі электор жүйелеріне жарықтандырудың күтімін жасауға жалпы сомасы 4600,0 мың теңгеге келісім-шарты жасалынған. Келісім шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты желтоқсан айы болып белгіленген. 2019 жылдың жыл бойында төлем шоттар негізінде қабылданып алынған

2020 жылы «Көк тау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен Кеңдала ауылдық округіне қарасты көшелердегі электор жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге жалпы сомасы 3100,0 мың теңгеге келісім-шарты жасалынған. Келісім шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты желтоқсан айы болып белгіленген. 2020 жылдың жыл бойында төлем шоттар негізінде қабылданып алынған.

2020 жылы «Көк тау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен Кеңдала ауылдық округіне қарасты көшелердегі электор жүйелеріне жарықтандырудың күтімін жасауға жалпы сомасы 3100,0 мың теңгеге келісім-шарты жасалынған. Келісім шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты желтоқсан айы болып белгіленген. 2020 жылдың жыл бойында төлем шоттар негізінде қабылданып алынған.

2020 жылы «LUX Технология Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен Кеңдала ауылдық округіне қарасты Уалиханов көшесіндегі трансформаторды жөндеп орнатуға жалпы сомасы 1590,0 мың теңгеге келісім-шарты жасалынған. Келісім шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты желтоқсан айы болып белгіленген. 2020 жылдың жыл бойында төлем шоттар негізінде қабылданып алынған.



ә) елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі;

2019 жылы Кеңдала ауылдық округіне қарасты елді мекендердің қауіпті емес қалдықтарды жинауға, НПО «КуРМЕТ» қоғамдық бірлестігі тарапынан басшысы Цой Лариса Михайловнамен жалпы сомасы 1650,0 мың теңгеге келісім шарт жасалынып, шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты 31 желтоқсан айы болып белгіленген. 2019 жылдың жыл бойында орындалған жұмыстар актісі негізінде қабылданып алынған.

2019 жылы Кеңдала ауылдық округіне қарасты елді мекендердің қауіпті емес қалдықтарды жинауға, Жеке кәсіпкер Баулыбай Ақерке Бүркітқызымен жалпы сомасы 1575,0 мың теңгеге келісім шарт жасалынып, шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты 31 желтоқсан айы болып белгіленген. 2019 жылдың жыл бойында орындалған актісі негізінде қабылданып алынған.

2020 жылы «Алуа және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен Кеңдала ауылдық округіне қарасты елді мекендердің қауіпті емес қалдықтарды жинауға жалпы сомасы 2800,0 мың теңгеге келісім шарт жасалынып, шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты 31 желтоқсан айы болып белгіленген. 2020 жылдың жыл бойында орындалған жұмыстар актісі негізінде қабылданып алынған.

2020 жылы «Бастау» Жеке кәсіпкер басшысы Калтаев Алмас Оразалиевичпен Кеңдала ауылдық округіне қарасты елді мекендерге санитариялық қызмет көрсетуге жалпы сомасы 500,0 мың теңгеге 2020 жылдың 24 тамыз айында №30 келісім шарт жасалынып, шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты 31 желтоқсан айы болып белгіленген. 2020 жылдың жыл бойында орындалған жұмыстар актісі негізінде қабылданып алынған.

б) Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыруға бөлінген шығындарын тексеру;

2019 жылы Кеңдала ауылдық округіне қарасты елді мекендердің тротуарларды жөндеуге, абаттандыру жұмыстарын орындауға жалпы сомасы 2500,0 мың теңгеге 2019 жылы 22 ақпан айында «VL-construction» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен №2 келісім-шарттар жасалынған. Келісім шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты желтоқсан айы болып белгіленген. 2019 жылдың жыл бойында орындалған жұмыстар актісі негізінде қабылданып алынған.

2020 жылы Кеңдала ауылдық округіне қарасты елді мекендердің абаттандыру жұмыстарын орындауға жалпы сомасы 4500,0 мың теңгеге 2020 жылы 17 сәуір айында «қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Шелек бастыуыш ұйымының корпоративтік қорының басшысы Ибрагимова Гүлсына Мусиновнамен 2020 жылы №2 келісім-шарттар жасалынған. Келісім шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты желтоқсан айы болып белгіленген. 2020 жылдың жыл бойында орындалған жұмыстар актісі негізінде қабылданып алынған.



в) аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге және күрделі және орташа жөндеуге» бөлінген қаражатты пайдаланудың негізділігі;

Кеңдала ауылдық округіне қарасты елді мекендердің авто көлік жолдарындағы қар, мұзын тазалауға Жеке кәсіпкер Нурмухамедов Арай Абаевичпен жалпы сомасы 1070,0 мың теңгеге 2019 жылдың 20 желтоқсан айында №35 келісім-шарт жасалынған. Келісім шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты желтоқсан айы болып белгіленген. Желтоқсан айына төлем шоттар негізінде қабылданып алынған.

Кеңдала ауылдық округіне қарасты елді мекендердің авто көлік жолдарындағы қар, мұзын тазалауға «Талғар тұрғын үй» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жалпы сомасы 2366,0 мың теңгеге 2020 жылдың 26 ақпан айында №7 келісім-шарт жасалынған. Келісім шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты желтоқсан айы болып белгіленген. 2020 жылдың жыл бойында орындалған жұмыстар акті негізінде қабылданып алынған.

Кеңдала ауылдық округіне қарасты Талғар көшесіне орташа жөндеуге жобалық сметалық жұжаттама әзірлеуге « Игілік Стройпроект» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жалпы сомасы 1204,0 мың теңгеге 2020 жылдың 28 мамыр айында №19 келісім-шарт жасалынған. Келісім шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты маусым айы болып белгіленген. 2020 жылдың 28 мамыр айында орындалған жұмыстар акті негізінде қабылданып алынған.

Кеңдала ауылдық округіне қарасты Мейрманов көшесіне орташа жөндеуге жобалық сметалық жұжаттама әзірлеуге « Amir Zhoba» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен жалпы сомасы 953,0 мың теңгеге 2020 жылдың 05 маусым айында №20 келісім-шарт жасалынған. Келісім шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты маусым айы болып белгіленген. 2020 жылдың 18 маусым айында орындалған жұмыстар акті негізінде қабылданып алынған.

г) «Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру» бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражаттардың негізділігі;

2019 жылы 040 «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде «Сантехмонтаж-СМР» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен Кеңдала ауылдық округіне қарасты Кеңдала ауылындағы Школьная көшесіне тратуар жөндеу жұмыстарын алдын ала жүргізу үшін ағаштарды кесуге жалпы сомасы 2390,5 мың теңгеге 2019 жылдың 30 шілде айында №28 келісім шарты жасалынған. Келісім шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты желтоқсан айы болып белгіленген. Қыркүйек айында орындалған жұмыстар актісі негізінде қабылданып алынған.



2019 жылы 040 «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде «Сантехмонтаж-СМР» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен Кеңдала ауылдық округіне қарасты Кеңдала ауылындағы Школьная көшесіне тратуар жөндеу жұмыстарын жүргізуге жалпы соммасы 5600,0 мың теңгеге 2019 жылдың 30 шілде айында №27 келісім шарты жасалынған. Келісім шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты желтоқсан айы болып белгіленген. Қыркүйек айында орындалған жұмыстар актісі негізінде қабылданып алынған.

2020 жылы 040 «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде «Инабат» үкметтік емес мүгедектер қоғамдық бірлестігінің басшысы Оразбаев Айдар Болатаевичпен Кеңдала ауылдық округіне қарасты Кеңдала ауылындағы Райымбек көшелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге жалпы соммасы 4126,0 мың теңгеге 2020 жылдың қыркүйек айында №26 келісім шарты жасалынған. Келісім шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты қараша айы болып белгіленген. 07 қазан айында орындалған жұмыстар актісі негізінде қабылданып алынған.

2020 жылы 040 «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде «Инабат» үкметтік емес мүгедектер қоғамдық бірлестігінің басшысы Оразбаев Айдар Болатаевичпен Кеңдала ауылдық округіне қарасты Ақдала ауылындағы №44 орта мектебінің тратуарлар мен өту жолдарын ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізіп орнатуға жалпы сомасы 5387,0 мың теңгеге 2020 жылдың 1 қыркүйек айында №24 келісім-шарты жасалынған. Келісім шарт негізінде жұмысты өткізу уақыты қараша айы болып белгіленген. 2020 жылдың 07 қазан айында орындалған жұмыстар актісі негізінде қабылданып алынған. (Фото суреттер қосымша 5 парақта тіркелді).

Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне сәйкес қаржыландырылған бюджеттік бағдарламалар бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалары нормаларының сақталуы тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ.

9. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында өзге сұрақтар туындаған жоқ.

№ 2 мемлекеттік аудит көрсеткіші: **тиімділік** – жоспарланған және алынған нәтижелердің оларға қол жеткізу үшін пайдаланылған ресурстар ескерілгендегі арақатынасы.

Оның мәселелері:

1. Өңірдегі жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның мемлекеттік басқару функцияларын және жергілікті өзін-өзі басқару органның функцияларын жүзеге асырылуын талдау.

Кеңдала ауылдық округінің құрамына Кеңдала, Ақдала, Ақтас және Еңбекші ауылдары кіреді. Сондай-ақ, ауылдық округ аумағында 77 саяжай серіктестіктері орналасқан. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2019

жылдың 1 қаңтарына қарағандағы округ халқының саны - 12 298 адам, аула саны – 2944. Округтің жалпы жер көлемі 14 954 га.

2020 жылдың 1 қаңтарына қарағандағы статистикалық мәліметтерге сәйкес округ халқының саны – 13 951 адам. 2019 жыл мен 2020 жылды салыстырғанда округ халқының саны өскені байқалады.

Кеңдала ауылдық округінің аумағында 5 орта мектеп орналасқан. 5 мектептегі орын саны – 2450. 2019 жылғы оқушылар саны – 4339. Ұстаздар саны – 434. Мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндер саны – 550.

Ауылдық округте мектеп жасына дейінгі білім беру мекемелерінің жалпы саны – 9. Оның ішінде – 7 жеке меншіктегі балабақша; 2 шағын орталық. Мектеп алды даярлық тобына баратын балалар саны - 385. Балабақшаларда - 430, шағын орталықтарда – 75 бала білім алуда. Ауылдық округ аумағында 4 денсаулық сақтау мекемелері орналасқан. Олар: Кеңдала ауылындағы дәрігерлік амбулатория, Ақтас және Ақдала ауылдарындағы фельдшерлік акушерлік пункттер, Еңбекші ауылындағы дәрігерлік пункт. Округ аумағында 6 спорт нысаны бар, оның ішінде 5 спорт залы және 1 шағын спорт алаңы. 2018 жылы пайдалануға берілген 1 мұрағат орналасқан.

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» №285 Жарлығына сәйкес, білім беру мекемелеріндегі оқу процесі қашықтықтан оқытуға ауыстырылды. Осы орайда округте орналасқан 5 мектеп бойынша ата-ана қамқорлығынсыз қалған, аз қамтылған отбасыларға білім беру бөлімі, мектеп әкімшілігі тарапынан жалпы саны 100 компьютер, 51 ноутбук, 2 нетбук берілді. Сондай-ақ, бірқатар мұқтаж оқушыларға ерікті демеушілер тарапынан ұялы телефондар тарту етілген.

Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты мен регламентіне сәйкес, Кеңдала ауылдық округі әкімінің аппаратында мемлекеттік қызмет түрлерінің стандартқа сәйкес 5 түрі бойынша қызмет көрсетіледі. Округ бойынша әкімдік ғимаратында және 5 мектепте «Е.gov» электрондық үкіметі бұрыштары ашылып, халыққа қызмет етуде.

Округтегі су құбырларының жалпы ұзындығы 40,4 шақырым. Ауылдық округтегі 4 елді мекеннің барлығы ауыз сумен қамтамасыз етілген. Кеңдала мен Ақдала ауылдарына «Талғар су құбыры» мекемесі қызмет көрсетеді. Ақтас ауылының тұрғындары ауыз суды Ақтас ауылындағы психиатриялық ауруханасының су құбыры арқылы тұтынады. Еңбекші ауылына ауыз су жүйесін тарту мақсатында 2020 жылы аудандық бюджеттен 50 млн тг қаражат бөлініп, нәтижесінде 4,4 шақырым су құбыры тартылған.

Ауылдық округ елді-мекендерін аудан орталығымен байланыстыратын автомобиль жолдарының ұзындығы 23 шақырым. Ауыл ішіндегі жолдардың ұзындығы 38 шақырым. Оның ішінде асфальтталғаны 12,7 шақырым. Жолдардың жай-күйі: 5.6 шақырым - жақсы, 9.7 шақырым - қанағаттанарлық, 22.7 шақырым - қанағаттанарлық емес. 2019 жылы Ақдала ауылындағы Ақасық, Түрген көшелеріне жалпы ұзындығы 7300 шаршы метр

және Еңбекші ауылындағы Егемен көшесіне 1000 шаршы метр асфальт төселінген. Жаңақұрылыс көшелеріне 500 тонна қиыршық тас төселінген. «Жұмыспен қамту жол картасы 2020» бағдарламасы аясында Кеңдала ауылындағы Талғар және Еңбекші ауылындағы Болашақ көшелеріне 3,29 шақырымға орташа жол жөндеу жұмыстарын жүргізуге 93 млн 453 мың теңге қаражат бөлініп жұмыстары жүргізілген.

Ауылдық округтегі ауыл шаруашылығы жерлерінің жалпы саны – 4479 га, егістік алқабы – 3280 га, оның ішінде суармалы егістік – 3088, жайылымдық алқап – 661 га. Малы бар аула саны 265. Ауылдық округте ауыл шаруашылық саласымен айналысатын – 5 заңды тұлға, 166 шаруа қожалықтары тіркелген. Округ аумағында 4 937 бас ірі қара, оның ішінде асыл тұқымдысы – 3 260 бас, 17 421 ұсақ мал, 259 бас жылқы өсіріледі. Барлық құс түрлері – 3 000. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында округ бойынша жалпы саны 4 адам ірі қара мал шаруашылығын дамыту үшін 11 млн 500 мың теңге несие алынған. Ірі қара малын ұрықтандыратын 3 пункт жеке секторда жұмыс істейді. Мал соятын 3 пункт орналасқан. "Кәсіпкерлік картасына" кіретін ірі индустриялық инновациялық жобалардың бірі Еңбекші ауылындағы құлпынай өсіретін жылыжай кешенінің құрылысы болып табылады. Тапсырыс беруші "Еңбек" шаруа қожалығы.

- жобаның қуаты жылына 90 тонна құлпынай.

- құндық сипатта жылына 92 млн.теңге. Мал шаруашылығы саласы бойынша барлығы 1 млн 909 мың теңге көлемінде субсидия игерілді.

Салық түсімдері

Жер, мүлік және көлік салықтары түсімдерінің көрсеткіштері төмендегідей:
Мүлік салығы 2019 жылға арналған жоспар – 2 млн 586 мың теңге, орындалғаны 2 млн 752 мың тг, жоспардың орындалу пайызы - 106 % ;

Жер салығы бойынша Жылдық жоспар – 5 млн 031 мың , орындалғаны 5 млн 307 мың тг, орындалу пайызы - 105 % ;

Көлік салығы 2019 жылға арналған жоспар – 34 млн 631 мың, орындалғаны 42 млн 174 мың тг, жоспардың орындалу пайызы -121 % ;

Жеке табыс салығы Жылдық жоспар – 26 млн 759 мың тг, орындалғаны 27 млн 037 мың тг, орындалу пайызы - 101 % ;

2020 жылға арналған жоспар – 2 млн 500 мың теңге, орындалғаны 2 млн 650 мың 700 тг, жоспардың орындалу пайызы – 106,0 % ;

Жер салығы бойынша Жылдық жоспар – 6 млн 250 мың , орындалғаны 6 млн 391 мың 100 тг, орындалу пайызы – 102,3 % ;

Көлік салығы 2020 жылға арналған жоспар – 33 млн 613 мың, орындалғаны 39 млн 251 мың 700 тг, жоспардың орындалу пайызы -116,8 % ;

Жеке табыс салығы Жылдық жоспар – 22 млн 013 мың тг, орындалғаны 20 млн 741 мың тг, орындалу пайызы – 94,2 % ;



2019 жылдың салықтық түсімдері мен 2020 жылдың түсімдерін салыстырғанда жеке табыс салығының азайуы 2020 жылы болған карантин себебтеріне байланысты.

Мекеме өз құзретін аймақтық даму бағдарламасына сәйкес атқарады. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы» № 931 Жарлығына сәйкес Талғар ауданының 2016-2020 жылдарға арналған өңірлерді дамыту бағдарламасы 2020 жылғы Талғар ауданыны маслихатының шешімімен бекітілген.

2.2.1.2. Сарапшылардың сараптамалық қорытындыларының қысқаша қорытындылары:

(олар тартылған жағдайда)

2.2.1.3. Үстеме тексерудің қысқаша нәтижелері:

(ол жүргізілген кезде)

III. Қорытынды бөлік

3.1. Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:

3.1.1. Мемлекеттік аудит объектісі қызметінің қойылған мақсаттарға, міндеттерге, функцияларға және өкілеттіктерге мемлекеттік аудит жүргізу мәніне байланысты бағыттарға қол жеткізуге әсерін бағалау:

Аудит бағдарламасында көрсетілген сұрақтардың нәтижесі бойынша анықтығымен дұрыстығына ішінара аудит жүргізілді. Аудит бағдарламасының басқада мәселелері бойынша жоспарланып, жұмсалған қаражаттардың, жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге, қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес игерілгені анықталды. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде мекемеге бөлінген бюджет қаражаты мен теңгеріміндегі мүлік жалпы алғанда қанағаттанарлық дәрежеде және қолданыстағы заңнамаға сәйкес игерілген және пайдаланылған деп бағалауға болады.

3.1.2. Негізгі аудит объектісінің қызметінің тиімділігін жетілдіру және арттыру үшін анықталған резервтер (әлеует) (өңірлік және елдік бөліністе аудиттелетін саланың, соның ішінде мемлекеттік басқарудың және (немесе) экономика саласының, әлеуметтік-экономикалық дамудың (осы талдауды жүргізуге мүмкіндік беретін бағдарламалық мәселелер ескеріле отырып жүргізіледі):

Аудит барысында мекеменің 2019-2020 жылдарғы жабдықтаушы және мердігерлер арасындағы есеп-айырысулардың түпнұсқа құжаттары,



ұсынылған бюджеттік өтінім қосымшаларымен бірге, еңбекақы есептеу және төлеу құжаттарының түпнұсқалары, қаржылық есептіліктері толығымен тексерілді. Жоғарыда көрсетілген бағдарламаның жалпы сұрақтары, өз міндеттері және мақсаттары бойынша мекеменің құжаттарына аудит жүргізіліп, құжаттардың талапқа сай екендігі және ауытқулар жоқтығы анықталды. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығы және бухгалтерлік есепті жүргізу сұрағы бойынша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» қаулысының 4 тармағының 3 тармақшасы толық сақталынбағанына жол берілген.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында мемлекеттік аудит нысанымен қаржылық және шаруашылық операциялар жүгізу заңнамалары, ішкі нормативтік актілер және нысан қызметінің тиімділігі құжаттары айтарлықтай сақталғаны анықталды. Мемлекеттік саясатты жүргізуге аудит объектісінің әсер етуі және пайдаланылған қаражат аудит объектісі тарапынан қаржы жоспарына сәйкес тиісті бағдарламалар бойынша өз міндеттерін атқаруы қанағаттанарлық.

3.2.Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер: Мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының Тексеру комиссиясы қызметкерлерінің мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергі келтіру фактілері болған жоқ.

3.3.Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар: Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар болған жоқ.

Тексеру комиссиясының қызметкері:

Бас маман – мемлекеттік аудитор



С.Желдібаев

Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар:

(лауазымы)

(қолы, аты-жөні, тегі)

Аудиторлық есеп екі данада жасалды 1-ші дана №012570 бланкте: «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне;

2-ші дана №012571 бланкте: «Талғар ауданының Кеңдала ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі;

IV. Қосымшалар:

- 1) Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап №1 қосымшасы (2-парақта);
- 2) Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі №2 қосымша (3 - парақта);
- 3) Бақылау өлішемі №3 қосымша 2-парақта).
- 4) Дәлелдеме құжаттар №4 қосымша 7 парақта
- 5) Фото сурет №5 қосымша 5 парақта

